ЖШС «Ғасыр-МБК» «Өркен» балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ

ХАТТАМАЛАРЫ

2024–2025 оқу жылы

№1 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 2024 жылғы «2 » қыркүйек

Төраға: Жәуміт А.Б

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:
1. Балабақшаның «Педагогикалық әдеп кодексін» қайта қарау және бекіту.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (комиссия) құрамын сайлау.
3. Педагогтар арасында кәсіби этиканы түсіну деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша балабақшадағы педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, педагогтердің өзара және балалармен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері қаралды. «Педагогикалық әдеп кодексін» қайта қарау және бекіту ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (комиссия) құрамын қалыптастыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің кәсіби этика жөніндегі түсінігін анықтау үшін сауалнама жүргізу қажеттілігі айтылды.

Қаулы етті:
1. «Педагогикалық әдеп кодексі» қайта қаралып, бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (комиссия) жұмысы ұйымдастырылсын.
3. Педагогтер арасында кәсіби этика бойынша сауалнама жүргізілсін.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы тұрақты бақылауда болсын.

Төраға: _____ Жәуміт А.Б
Хатшы: _____ Жәуміт А.Б

№2 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 2024 жылғы «3» қазан

Төраға: Жәуміт А.Б.

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:
1. «Педагог мәдениеті және кәсіби әдеп ережелері» тақырыбындағы семинар-тренинг.
2. «Бала құқығы — басты құндылық» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
3. «Тәрбиешінің сырт келбеті мен сөйлеу мәдениеті — ұжым айнасы» тақырыбындағы консультация.
4. «Стреске төзімділік және кәсіби жанудың алдын алу» психологиялық тренингі.

Тыңдалды:
Педагогтердің кәсіби мәдениеті, әдеп нормаларын сақтау, балаларға психологиялық қысым көрсетпеу, ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды. Педагогтің сырт келбеті мен сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар түсіндірілді. Кәсіби күйзелістің алдын алу жолдары қарастырылды.

Қаулы етті:
1. Педагогтер кәсіби әдеп нормаларын күнделікті қызметінде сақтасын.
2. Баланың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау басты назарда болсын.
3. Қарым-қатынаста сыпайылық, сабырлылық және кәсіби мәдениет сақталсын.
4. Психологиялық қолдау мен стресстің алдын алу шаралары жалғастырылсын.

Төраға: _____ Жәуміт А.Б
Хатшы: _____ Жәуміт А.Б

№3 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 2025 жылғы «4 » наурыз

Төраға: Жәуміт А.Б.

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:
1. «Тәрбиеші мен ата-ана: сенім мен сыйластық көпірі» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы.
2. Ата-аналармен шиеленісті жағдайларды шешу жолдары.
3. «Сенім жәшігін» ұйымдастыру және анонимді сауалнама алу.
4. «Педагогтың әдеп кодексі» ақпараттық бұрышын безендіру.

Тыңдалды:
Педагог пен ата-ана арасындағы өзара сенім мен сыйластықты нығайту мәселесі қаралды. Шиеленісті жағдайларды сабырлы және конструктивті жолмен шешу қажеттілігі айтылды. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін жинау үшін «Сенім жәшігін» пайдалану ұсынылды. Педагогикалық әдеп кодексі туралы ақпаратты қолжетімді түрде орналастыру мәселесі қаралды.

Қаулы етті:
1. Ата-аналармен қарым-қатынаста өзара сыйластық пен ашық диалог сақталсын.
2. Шиеленісті жағдайлар педагогикалық әдеп талаптарына сәйкес шешілсін.
3. «Сенім жәшігі» және анонимді кері байланыс ұйымдастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп кодексі туралы ақпараттық бұрыш жаңартылсын.

Төраға: _____ Жәуміт А.Б
Хатшы: _____ Жәуміт А.Б

№4 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 2025 жылғы « 7 » мамыр

Төраға: Жәуміт А.Б.

Қатысқандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:
1. Педагогтердің күнделікті жұмысында әдеп ережелерін сақтау мониторингі.
2. Әдеп кеңесінің атқарылған жұмыстар бойынша жылдық есебі.
3. Жыл қорытындысы және «Жылдың ең әдепті тәрбиешісін» анықтау.

Тыңдалды:
Педагогтердің жыл бойындағы кәсіби әдеп нормаларын сақтау жұмыстары талданды. Әдеп кеңесінің атқарылған іс-шаралары бойынша жылдық қорытынды қаралды. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас мәдениетіне назар аударылды. Жыл қорытындысы бойынша үздік тәжірибені атап өту ұсынылды.

Қаулы етті:
1. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық есебі назарға алынсын.
3. Педагогтердің кәсіби әдеп мәдениетін арттыру жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.
4. «Жылдың ең әдепті тәрбиешісін» анықтау және марапаттау ұйымдастырылсын.

Төраға: _____ Жәуміт А.Б
Хатшы: _____ Жәуміт А.Б